

**«Эйр Астана» АҚ акционерлері
жалпы жиналысының
шешімімен бекітілген
2011 ж. «31» наурыздағы №70 хаттама,
өзгертулер мен толықтырулармен
2021 ж. 31 мамырдағы (№ 170 хаттама)**

**«Эйр Астана» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшелеріне
сыйақы беру саясаты**

МАЗМҰНЫ:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	3
3. ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРҒА ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУ	4
4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру саясаты («Саясат») Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Эйр Астана» АҚ («Қоғам») Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген. Саясат Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы және өтемақы төлеу шарттары мен тәртібін белгілейтін Қоғамның ішкі нормативтік құжаты болып табылады.
- 1.2 Саясаттың өзекті принциптері:
 - сыйақының жеке біліктілік деңгейімен және Қоғам қызметінің нәтижелеріне қосқан үлеспен, лауазымдық міндеттерді орындаумен және Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделеріне жауап беретін міндеттерді орындаумен өзара байланысы;
 - сыйақы жүйесінің қарапайымдылығы және ашықтығы;
 - жұмыстың жоғары сапасына қол жеткізуге мүдделілік.

2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

- 2.1 Сыйақы Қоғам акционерлерінің атынан ұсынылған Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленбейді.
- 2.2 Сыйақы Қоғамның Тәуелсіз директорларына Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде өз міндеттерін орындағаны үшін төленеді.
- 2.3 Қоғамның Тәуелсіз директорларына сыйақының мөлшерін және төлеудің шарттарын бекіту Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылады.
- 2.4 Қоғамның Тәуелсіз директорларына сыйақының мөлшерін Директорлар кеңесінің ұсынысы және құзыретіне Қоғамның Тәуелсіз директорларына сыйақы беру саясаты, құрылымы және мөлшері бойынша ұсыныстар жасау кіретін Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің («Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет») ұсынуы бойынша акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.
- 2.5 Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Қоғамның Тәуелсіз директорларына сыйақы беруді қарастыру кезінде олардың лауазымдық міндеттерін орындауын, Қоғамның өндірістік көрсеткіштерін, сондай-ақ қызметінің түрі мен ауқымы бойынша ұқсас басқа компаниялардағы еңбекке ақы төлеуді назарға алады.
- 2.6 Қоғамның Тәуелсіз директорлары Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшелері болып табылатын жағдайда, соңғылар мүдделер қақтығысын айқындауы және болдырмауы тиіс. Бір де бір тұлға өзінің сыйақысын белгілеу процесіне тартылмауы тиіс.
- 2.7 Қоғамның Тәуелсіз директорының Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін жылдық *тіркелген сыйақы* төленеді. Жылдық тіркелген сыйақының сомасы Қоғамның Тәуелсіз директорымен жасалған шартпен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының тиісті шешімінің негізінде белгіленеді.
- 2.8 Қоғам Жарғысының Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін бір жыл өкілеттік мерзімімен жыл сайын қайта сайлау бөлігіндегі талаптарын ескере отырып, жылдық тіркелген сыйақының елу пайызы Қоғамның Тәуелсіз директорының өкілеттіктер мерзімі басталған кезден кейін алты ай өткен соң төленеді. Жылдық тіркелген сыйақының қалған бөлігін Қоғам

Қоғамның Тәуелсіз директорының өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін оның жұмыс мерзіміне мөлшерлес етіп төлейді. Директор, ауыру, демалыста, іссапарда болу себептері бойынша нақты отырыстарында болмау жағдайларын қоспағанда, есепті кезеңде Директорлар кеңесінің барлық өткізілген нақты және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда, тіркелген сыйақы төленбейді.

- 2.9 Қоғамның Тәуелсіз директорының Қоғамның Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін *қосымша сыйақы* төленуі мүмкін. Қоғамның Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін Қосымша сыйақының сомасы Қоғамның Тәуелсіз директорымен жасалған шартпен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының тиісті шешімінің негізінде белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы Директорлар кеңесі Комитетінің нақты отырысы өткізілген күннен кейінгі айдың ішінде төленеді.
- 2.10 Жылдық тіркелген сыйақы және Қоғамның Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы Қоғамның Тәуелсіз директорына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және басқа тиісті заңдарға сәйкес салықтар мен міндетті төлемдерді шегере отырып төленеді. Қоғамның Тәуелсіз директорына сыйақы Қоғамның Тәуелсіз директоры көрсеткен банк шотына төленеді.
- 2.11 Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымдарын ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы үшін жыл сайынғы тұрақты сыйақы белгіленуі мүмкін. Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасына жылдық тұрақты сыйақы мөлшері Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде Қоғамның директорлар кеңесінің Төрағасымен келісім бойынша белгіленеді.

3. ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРҒА ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУ

- 3.1 Қоғамның Тәуелсіз директорларына өтемақы төлеу шарттарын бекіту Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылады.
- 3.2 Қоғамның Тәуелсіз директорына төленетін өтемақылар Қоғамның Тәуелсіз директорымен жасалған шартпен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының тиісті шешімінің негізінде белгіленеді.
- 3.3 Қоғам Қоғамның Тәуелсіз директорына оның өз міндеттерін орындауымен байланысты шығыстарын, соның ішінде:
 - растаушы құжаттардың негізінде ұшу авиабилетінің құнын;
 - растаушы құжаттардың негізінде қонақүйде тұру құнын;
 - Қоғамның Атқарушы органы (Президенті) үшін бекітілген деңгейде тәуліктік шығыстарын;
 - растаушы құжаттардың негізінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде міндеттерін орындаумен байланысты басқа шығыстарын өтейді.

Қоғамның Тәуелсіз директорына өтемақылар Қоғамның Тәуелсіз директоры көрсеткен банк шотына төленеді.

- 3.4 Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымдарын ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасына өтемақы төлеудің шарттары, осы Саясаттың 3.3-тармағында көрсетілген, Қоғамның Тәуелсіз директорына төленетін сыйақылар сияқты белгіленуі мүмкін. Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасына өтемақы төлеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде Қоғамның директорлар кеңесінің Төрағасымен келісім бойынша белгіленеді.

4. ҚОРЫТЫҢДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 4.1 Қоғамның Тәуелсіз директорымен шарт жасасу кезінде осы Саясаттың ережелері ескерілуі тиіс.
- 4.2 Қоғамның Тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғам акционерлері жалпы жиналысының тапсырмасы негізінде қолын қояды. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасымен келісімге Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының нұсқаулары негізінде Қоғам Президенті қол қояды.
- 4.3 Осы Саясат Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша толықтырылуы және/немесе өзгертілуі мүмкін.
- 4.4 Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.